

Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 101 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 20 наурызда № 4479 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 20 наурыздағы № 245 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шымкент қаласы әкімдігінің 20.03.2019 № 245 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 6) тармақшасына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына осы қаулының қосымшасына сәйкес квота белгіленсін.

2. Шымкент қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 827 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4222 болып тіркелген, 2017 жылғы 11 қазандағы "Шымкент келбеті" газетінде және 2017 жылғы 16 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Шымкент қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы

нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Шымкент қаласының аумағында таратылатын мерзімде баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын жүзеге асыру Шымкент қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы М.Нышамбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары Г.Құрманбековаға жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н.Сауранбаев

Шымкент қаласы
әкімдігінің "28" ақпандағы
2018 жылғы № 101
қаулысына қосымша

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасының мөлшері

№	Ұйымның атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квотаның мөлшері (%)	Жұмыс орындарының саны
1.	Оңтүстік Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқындағы "Облыстық жүйке аурулар диспансері" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	1027	4	41
2.	Оңтүстік Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқындағы "Облыстық кардиологиялық орталық" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	325	4	13
3.	Оңтүстік Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқындағы "№ 10 Шымкент қалалық емханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	418,5	4	17
4.	"Тігін фабрикасы "Гауһар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	198	3	6
5.	"Pioneer Grain Products" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	192	3	5
6.	"Шымкент құс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	325	4	13

7.	Шымкент қаласы білім бөлімінің № 25 "Қарақат" бөбекжай балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық мекемесі	70	2	1
8.	"Шымкент қаласы білім бөлімінің № 62 "Ботақан" бөбекжай балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық мекемесі	81	2	2
9.	"Шымкент қаласы білім бөлімінің № 59 "Айша" бөбекжай балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық мекемесі	72	2	1
10.	"Шымкент қаласы білім бөлімінің "№ 43 жалпы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	117	3	3
11.	Шымкент қаласы білім бөлімінің "№ 71 жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	116	3	3
12.	"Шымкент қаласының білім бөлімі "№ 89 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	170	3	5
13.	"Шымкент қаласы білім бөлімінің "№ 99 мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	144	3	4
14.	Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының "Ә.Қастеев" атындағы Оңтүстік Қазақстан өнер және дизайн колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны	125	3	3
15.	Оңтүстік Қазақстан облысы білім басқармасының "Жол-көлік колледжі" мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны	168	3	5
	Барлығы:	3548,5		122